

**Жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдарды медициналық куәландыру және олардың жынысын ауыстыруды жүргізу қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 187 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 сәуірде № 10843 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-203/2020 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.11.2020 № ҚР ДСМ-203/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 88-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдарды медициналық куәландыру және олардың жынысын ауыстыруды жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Т. Дүйсенова

## **Жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдарды медициналық куәландыру және олардың жынысын ауыстыруды жүргізу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдарды медициналық куәландыру және олардың жынысын ауыстыруды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 88-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдарды медициналық куәландыру және олардың жынысын ауыстыруды жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік (паспорттық) жынысты ауыстыру – морфологиялық (биологиялық) жынысын ауыстырумен байланысты жеке басын растайтын құжаттарды ауыстыру;

2) жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдарды әлеуметтік-психологиялық бейімдеу – жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу үдерісін жеңілдетуге бағытталған медициналық, психологиялық және әлеуметтік сипаттағы іс-шаралар жиынтығы;

3) жыныстық сәйкестендіру ауытқушылығы (транссексуализм) – өзінің қарама-қарсы жынысқа тиесілілігін сезіну, әдетте, өзінің морфологиялық (биологиялық) жынысынан сәйкессіздік немесе жайсыздық сезімімен және өзінің тәнін таңдаған жынысына барынша сәйкес келтіру мақсатында гормондық, хирургиялық ем алу ниетімен үйлесетін қарама-қарсы жыныстағы адам ретінде өмір сүру және танылу ниеті;

4) морфологиялық (биологиялық) жынысын ауыстыру жөніндегі медициналық іс-шаралар – нәтижесі морфологиялық (биологиялық) жынысын өзгерту болып табылатын медициналық араласу (гормондық терапия, хирургиялық түзету).

5) жынысын ауыстыру - сыртқы және ішкі жыныс ағзаларының құрылымымен анықталатын және гормондық әсерлердің деңгейімен және үстем бағытымен түсіндірілетін морфологиялық (биологиялық) жынысты ауыстыру.

## **2. Медициналық зерттеп-қарауды жүргізу тәртібі және медициналық куәландыру**

3. Жынысын ауыстырғысы келетін азамат, тұрғылықты жері бойынша психиатриялық ұйымға жазбаша өтінішпен жүгінеді.

Өтініш 21 жасқа толған азаматтардан қабылданады және "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру тәртібі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаралады.

4. Жынысын ауыстыру үшін мынадай іс-шараларды өткізу қажет:

1) жынысын ауыстырғысы келетін адамды медициналық қараудан өткізу.

Медициналық қарау психиатрлық ұйым стационарының жағдайында күнтізбелік 30 күннен асырмай жүргізіледі және осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдардың медициналық куәландырудан өтуі үшін қажетті анализдердің және медициналық құжаттардың тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес жынысын ауыстырғысы келетін адамның психикалық, неврологиялық және соматикалық жағдайын зерттеулерді қамтиды;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-практикалық орталығында құрылатын Жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдарды медициналық куәландыру жөніндегі комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) жынысын ауыстырғысы келетін тұлғаны жіберу;

3) жынысын ауыстырғысы келетін адамды медициналық куәландыру және медициналық зерттеп-қарау қорытындысының негізінде жынысын ауыстыру бойынша медициналық іс-шараларды, гормоналдық терапия (бұдан әрі – бірінші кезең) бойынша медициналық іс-шараларды өткізудің мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы Комиссияның шығарған қорытындысы;

4) Комиссия бірінші кезеңді өткізу мүмкіндігі туралы шешім қабылдаған кезде бірінші кезеңді өткізу.

Бірінші кезең медициналық ұйымда Комиссия белгілеген жынысын ауыстыру жөніндегі медициналық іс-шаралар тәртібіне сәйкес қажетті біліктілік деңгейіндегі мамандар (жоғарғы немесе бірінші біліктілік санатындағы дәрігерлер) болғанда зертханаларда жүргізіледі.

Бірінші кезеңді жүргізумен қатар жынысын ауыстырғысы келетін адам Комиссия белгілеген жеке медициналық-әлеуметтік оңалту іс-қимылдарын жүргізу жөніндегі ұсынымдарға сәйкес медициналық-әлеуметтік қолдау алу және психикалық жағдайды бағалау мақсатында психиатриялық ұйымда байқалады.

5) бірінші кезеңді өткізу және медициналық-әлеуметтік оңалту іс-шараларының барысын бақылаған психиатриялық ұйым қызметкерінің

медициналық-әлеуметтік қолдауы бойынша шараларының нәтижелері бойынша, жынысын ауыстырғысы келетін адамға хирургиялық түзетулерді жүргізу мүмкіндігін (мүмкін емесетігін) анықтау үшін Комиссияның отырысына жіберіледі (бұдан әрі – екінші кезең);

5) екінші кезеңді өткізу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы Комиссияның қорытынды шығаруы;

6) Комиссия екінші кезеңді өткізу мүмкіндігі туралы шешім қабылдаған кезде екінші кезеңді өткізу.

Комиссия белгілеген жынысын ауыстыру бойынша медициналық іс-шаралар тәртібіне сәйкес қажетті біліктілік деңгейіндегі мамандар (жоғарғы немесе бірінші біліктілік санатындағы дәрігерлер) болғанда зертханаларда, медициналық ұйымда екінші кезең:

транссексуализмнің әйел-ер түрі бойынша – ерлер гениталийін қалыптастыру жолымен;

транссексуализмнің ер-әйел түрі бойынша – әйел гениталийін қалыптастыру жолымен жүргізіледі.

5. Жынысын ауыстырғаннан кейін Комиссия адамның әлеуметтік (паспорттық) жынысын өзгерту мүмкіндігі туралы қорытынды шығарады.

6. Жынысын ауыстыру бойынша медициналық іс-шараларды жүзеге асырғаннан кейін "Жеке басын растайтын құжаттар туралы" 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әлеуметтік (паспорттық) жынысын ауыстыру жүзеге асырылады.

7. Жынысын ауыстыру бойынша медициналық іс-шаралардың бірінші және екінші кезеңдері аяқталғаннан кейін жынысын ауыстырған адам бір жылдың ішінде әлеуметтік-психологиялық бейімделу курсынан өтеді. Әлеуметтік-психологиялық бейімделу курсы жынысын ауыстырған адамның тұрғылықты жері бойынша психиатриялық ұйым мамандары жүзеге асырады.

### **3. Жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдарды медициналық куәландыру жөніндегі комиссия**

7. Комиссияның құрамына: Комиссия төрағасы (психиатр дәрігер), Комиссияның хатшысы, дәрігерлер: психиатрлар (кемінде екеу), сексопатолог, уролог, гинеколог, терапевт, невропатолог, эндокринолог, медициналық психолог кіреді.

8. Комиссияның құзыретіне қорытындылардың (ұсыныстар) бірін шығарумен мынадай мәселелерді қарау жатады:

- 1) бірінші кезеңді өткізу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды;
- 2) екінші кезеңді өткізу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды;

3) жеке медициналық-әлеуметтік оңалту іс-қимылын жүргізу бойынша ұсынымдар;

4) жынысын ауыстырғысы келетін адамдарға қосымша зерттеп-қарау жүргізу туралы қорытынды;

5) әлеуметтік (паспорттық) жынысын ауыстыру мүмкіндігі туралы қорытынды;

6) жынысын ауыстырғысы келетін (жынысын ауыстырған) адамды оңалту бойынша медициналық-әлеуметтік және психологиялық іс-шараларды анықтау бойынша ұсынымдар.

9. Куәландырудан өтетін адамға жынысын ауыстырудан бас тарту үшін негіз болатындар:

1) жіті, созылмалы, уақытша психикалық ауытқушылығының (ауруларының), ақыл-ой кемдігінің немесе өзге де психикалық ауытқушылығының (ауруларының) болуы;

2) генетикалық және (немесе) хромосомалық аномалияларының болуы;

3) жынысын ауыстыру (гормондық терапия, хирургиялық түзету) үдерісінде куәландырудан өтетін адамның өмірі және (немесе) денсаулығы үшін асқынуларға қауіптілігімен тікелей негіз болатын соматикалық және (немесе) неврологиялық ерекшеліктері;

4) жынысын ауыстыру бойынша медициналық іс-шаралардың бірінші кезеңінің теріс нәтижелері.

10. Комиссияның отырысын Комиссияның хатшысы Комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттама түрінде ресімдейді.

11. Жынысты сәйкестендіру бұзылулары бар адамдарды медициналық куәландыру жөніндегі Комиссияның қорытындысы осы Қағиданың 2-қосымшаға сәйкес, нысан бойынша үш данада ресімделеді.

12. Жынысын ауыстыру бойынша медициналық іс-шараларды және (немесе) жеке медициналық-әлеуметтік оңалту (тұратын жері бойынша психиатриялық ұйымда психологиялық және психотерапиялық қолдау) іс-қимылдарын өткізу жөніндегі ұсыныстар жеке анықталады.

13. Комиссияның хатшысы Комиссия қорытынды шығарған күннен бастап үш күннен аспайтын мерзімде куәландырудан өткен адамға Комиссия қорытындысының бір данасын және (немесе) жынысын ауыстыру бойынша медициналық іс-шараларды және (немесе) жеке медициналық-әлеуметтік оңалту іс-қимылын өткізу жөніндегі ұсынымдардың бір данасын береді.

Комиссия қорытындысының екінші данасы "қызметтік пайдалану үшін" деген белгімен морфологиялық (биологиялық) жынысын ауыстыру бойынша медициналық іс-шараларды жүзеге асыратын медициналық ұйымдарға олардың сұратуы бойынша жіберіледі.

Комиссия қорытындысын және (немесе) жынысын ауыстыру бойынша медициналық іс-шараларды және (немесе) жеке медициналық-әлеуметтік оңалту іс-қимылын өткізу жөніндегі ұсынымдарды беру туралы жазба, жынысты сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдарға медициналық куәландыру жүргізу туралы берілген қорытындыларды есепке алу журналында тіркеледі.

Қорытындының үшінші данасы және жынысын ауыстыру бойынша медициналық іс-шараларды және (немесе) жеке медициналық-әлеуметтік оңалту іс-қимылын өткізу жөніндегі ұсынымдардың екінші данасы Комиссияның мұрағатында сақталады.

14. Комиссияның қорытындысына байланысты барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қаралады.

Жыныстық сәйкестендіруде  
ауытқушылығы бар адамдарды  
медициналық куәландыру және  
олардың жынысын ауыстыруды  
жүргізу қағидаларына  
1-қосымша

### **Жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдардың медициналық куәландырудан өтуі үшін қажетті анализдер мен медициналық құжаттардың тізбесі**

1. Жалпы клиникалық қан және несеп анализдері.
2. Вассерман (РВ), АИТВ жұқпасы реакциясына қан анализі.
3. Биохимиялық қан талдауы (бауыр сынамалары, нәруыз фракциялары).
4. Бассүйектің екі кескінді түсірілімі.
5. 17-кетостероидтар, жалпы эстрогендер, тестостерон (Т), пролактин (ПРЛ), лютеиндеуіш гормон (ЛГ), фолликулдық-ширатқыш гормон (ФШГ).
6. Кариотипті, генетикалық жиынтықты анықтау.
7. Сексопатологтың қорытындысы.
8. Эндокринологтың қорытындысы.
9. Психологтың қорытындысы.
10. Амбулаториялық науқастың медициналық картасынан сексопатологтың, психиатрдың, психологтың бақылау деректері, басқа да объективті мәліметтер көрсетілген үзінді көшірме.
11. Жынысын ауыстырғысы келетін адам медициналық куәландырудан өтетін ұйымдағы стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме.

Ескертпе: маман дәрігерлердің тағайындауы бойынша қосымша зерттеп-қарауларға жол беріледі.

Жыныстық сәйкестендіруде  
ауытқушылығы бар адамдарды

Нысан  
Психиатриялық ұйымның  
мөртаңба

Жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдарды медициналық  
куәландыру жөніндегі комиссияның қорытындысы

\_\_\_\_\_ жанындағы  
| сурет | *Медициналық ұйымның атауы, мекенжайы*  
| үшін | Кімге \_\_\_\_\_  
| орын | *адресат-ұйымның толық атауы*  
| \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_

— \_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша  
тұратын

Азамат \_\_\_\_\_

— *тегі, аты, әкесінің аты (толық) туған күні, айы, жылы*

1. Медициналық куәландыру:

\_\_\_\_\_

— *Медициналық ұйымның атауы, нәтижесі*

2. Морфологиялық (биологиялық) жынысын ауыстыру жөніндегі  
іс-шаралардың бірінші кезеңі:

\_\_\_\_\_

— *Медициналық ұйымның атауы, нәтижесі*

3. Морфологиялық (биологиялық) жынысын ауыстыру жөніндегі  
іс-шаралардың екінші кезеңі:

\_\_\_\_\_

— *Медициналық ұйымның атауы, нәтижесі*

Қорытынды: \_\_\_\_\_

— Ұсынымдар: \_\_\_\_\_

— Күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Төраға \_\_\_\_\_ (Аты, тегі)

ҚОЛЫ

Хатшы: \_\_\_\_\_ (Аты, тегі)

ҚОЛЫ

Басшы \_\_\_\_\_

ҚОЛЫ | Ұйымның |

| мөрі | (Аты, тегі)

\_\_\_\_\_

*Қорытындыдағы мәліметтерді жариялауға тыйым салынады*

Ескертпе:

Қорытындының 1-тармағы жынысын ауыстырғысы келетін адамды медициналық куәландыруға сәйкес толтырылады;

Комиссия қорытындысының 2 және 3-тармақтары медициналық іс-шаралардың бірінші (екінші) кезеңін өткізген медициналық ұйымның қорытындысына сәйкес толтырылады.

Жыныстық сәйкестендіруде  
ауытқушылығы бар адамдарды  
медициналық куәландыру және  
олардың жынысын ауыстыруды  
жүргізу қағидаларына  
3-қосымша

20 \_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_

**Жынысты сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдарды медициналық куәландыру жүргізу туралы берілген қорытындыларды есепке алу**

**ЖУРНАЛЫ**

№ б/б	Өтініштің берілген күні	Куәландырылатын адамның Т.А.Ә.	Туған күні	Мекенжайы	Өтініштер		Қорытынды нәтижелері	Қорытындыларды беру күні	Қоры №
					алғашқы	қайталанатын			